

"Смарт-қалаларды" және "смарт-өңірлерді" құру жөніндегі әдістемені бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Жасанды интеллект және цифрлық даму министрінің 2026 жылғы 13 наурыздағы № 141/НҚ бұйрығы

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Осы бұйрық 12.07.2026 ж. бастап қолданысқа енгізіледі

Қазақстан Республикасының Цифрлық кодексінің 70-бабы екінші бөлігіне сәйкес
БҰЙЫРАМЫН:

1. Осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес "Смарт-қалаларды" және "смарт- өңірлерді" құру жөніндегі әдістеме бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Жасанды интеллект және цифрлық даму министрлігінің Өңірлерді цифрлық дамыту департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрыққа қол қойылғаннан кейін күнтізбелік бес күн ішінде оны ресми жариялау және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің " Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына қазақ және орыс тілдерінде жіберілсін;

2) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін оны Қазақстан Республикасы Жасанды интеллект және цифрлық даму министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. "Ақылды" қалалар салу әдістемесін (Қазақстан Республикасының "ақылды" қалаларының эталондық стандарты) бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 2025 жылғы 12 қыркүйектегі № 469/НҚ бұйрығының күші жойылды деп танылсын.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Жасанды интеллект және цифрлық даму вице-министріне жүктелсін.

5. Осы бұйрық 2026 жылғы 12 шілдеден бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары –
Жасанды интеллект және цифрлық даму министрі

Ж. Мәдиев

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Ұлттық экономика министрлігі

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің орынбасары –
Жасанды интеллект және

"Смарт-қалаларды" және "смарт-өңірлерлерді" құру жөніндегі әдістемесі

1 тарау. Жалпы ережелер

1. Осы "смарт-қалаларды" және "смарт-өңірлерлерді" құру әдістемесі (бұдан әрі – Әдістеме) Қазақстан Республикасының Цифрлық кодексінің (бұдан әрі – Цифрлық кодексі) 70-бабының екінші бөлігіне сәйкес әзірленді және Қазақстан Республикасында "смарт-қалаларды" және "смарт-өңірлерлерді" құру үшін қолданылады.

2. Осы Әдістемеді келесі ұғымдар қолданылады:

1) "смарт-қала" – қалалық ортаны дамытудың тұжырымдамасы, ол инфрақұрылымды, ресурстарды басқаруды және қызметтер көрсетуді тиімді жүзеге асыру үшін жоғары технологиялық шешімдер мен инновациялық жүйелер кешенін енгізуді, халықтың өмір сүру сапасын тұрақты түрде арттыруды қамтамасыз етуді көздейді;

2) "смарт-өңір" – облыстың (әкімшілік-аумақтық бірліктің) цифрлық трансформациясы тұжырымдамасы, ол әлеуметтік-экономикалық процестерді басқарудың біріктірілген экожүйесін құруға, мемлекеттік органдардың, бизнестің және халықтың өзара іс-қимылын қамтамасыз етуге, сондай-ақ аудандық деңгейді қоса алғанда, өңір аумағының тұтастай тұрақты дамуын қамтамасыз етуге бағытталған;

3) "смарт-қала" және "смарт-өңір" бастамасы (бұдан әрі – бастама) – цифрлық трансформация шеңберінде іске асырылатын, технологиялық шешімдерді енгізуге, цифрлық инфрақұрылымды дамытуға, сондай-ақ "ақылды" басқару мақсаттарына қол жеткізу үшін ұйымдастырушылық өзгерістерді жүзеге асыруға бағытталған өзара байланысты іс-шаралар мен міндеттердің жиынтығы;

4) жұмыс тобы – бұл қалада және өңірде өзгерістер жүргізуге және оларға дайындықты бағалау мақсатында облыс, республикалық маңызы бар қала және астана деңгейінде құрылған топ;

5) "Smart Data Ukimet" цифрлық-талдау жүйесі (бұдан әрі – SDU) – Қазақстан Республикасы Үкіметінің қызметі бойынша аналитикалық ақпарат беру мақсаттары үшін мемлекеттік органдардың, мемлекеттік заңды тұлғалардың, квазимемлекеттік сектор субъектілерінің құрылымдалмаған және құрылымдалған деректерінің бірыңғай қоймасын қалыптастыруға арналған цифрландыру объектісі;

6) Цифрландыру саласындағы уәкілетті орган (бұдан әрі – уәкілетті орган) – цифрландыру саласындағы басшылықты және салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын орталық атқарушы орган.

3. "Смарт-қаланың" және "смарт-өңірдің" мақсаттары:

- 1) азаматтар үшін қауіпсіз әрі жайлы өмір сүру жағдайларын қамтамасыз ету;
- 2) қаланы және өңірді басқарудың тиімді жүйесін қалыптастыру;
- 3) қаланың және өңірдің бәсекеге қабілеттілігін арттыру.
4. "Смарт-қаланың" және "смарт-өңірдің" негізгі қағидаттары:
 - 1) адами бағдар және өмір сүру сапасын арттыру;
 - 2) орнықтылық пен экологиялық жауапкершілік;
 - 3) ашықтық және азаматтардың қатысуы;
 - 4) қауіпсіздік
 - 5) инклюзия және цифрлық теңдік;
 - 6) инновациялар мен технологиялық бейімделу;
 - 7) жүйелердің интеграциясы мен өзара байланыстылығы.
5. "Смарт-қаланың" және "смарт-өңірдің" негізгі салалары:
 - 1) қаланы және өңірді басқару;
 - 2) қоғамдық қауіпсіздік;
 - 3) көлік және логистика;
 - 4) әлеуметтік сала (білім беру, мәдениет, денсаулық сақтау және әлеуметтік қызметтер);
 - 5) экология;
 - 6) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы;
 - 7) экономика және бизнес;
 - 8) инфрақұрылым.
6. Әдістеме халықаралық стандарттар мен әдістемелерге, сондай ақ осы Әдістемеге 1-қосымшасында көрсетілген тәжірибеге негізделеді және басқару процестерін стандарттау мен үйлестіруге әдістемелік тәсілді көздейді. Бұл тәсіл ресурстарды тиімді басқаруды, басым технологияларды айқындауды және қалаларды және өңірлерді олардың қажеттіліктеріне қарай жіктеуді қамтамасыз етеді, шығындар мен күш-жігердің қайталануын азайтуға, сондай-ақ "смарт- қалаларды" және "смарт-өңірлерлерді" басқарудың орнықты әрі ауқымды жүйесін қалыптастыруға ықпал етеді.

2 тарау. Әдістемелік негіз

7. Әдістеме әртүрлі әкімшілік санаттағы елді мекендердегі цифрландыру деңгейін бағалауға арналған және елді мекендерді үш топқа жіктеуді көздейді:

1) республикалық маңызы бар қалалар және астана – Астана, Алматы және Шымкент қалалары;

2) облыстық маңызы бар қалалар – облыс орталықтары мен облыстық маңызы бар қалалар;

3) облыс орталықтары болып табылатын қалаларды және елді мекендерді қоса алғанда, аудандық маңызы бар қалалар.

8. "Смарт-қала" және "смарт-өңірлерлер" тұжырымдамасын енгізу осы Әдістеменің 7-тармағында көрсетілген барлық елді мекендерде кезең-кезеңімен жүзеге асырылады.

9. Әдістеме осы Әдістемедегі 2-қосымшаға сәйкес "смарт-қала" және "смарт-өңірлер" тұжырымдамасын іске асыру үшін қажетті бастамалардың базалық тізбесін қамтиды. Бастамалардың базалық тізбесін уәкілетті орган технологияларды дамытуды және "смарт-қалалар" және "смарт-өңірлерлер" құрылысына жаңа инновациялық шешімдерді енгізуді ескере отырып, жыл сайынғы бағалау нәтижелері бойынша толықтыруы мүмкін.

10. Жергілікті атқарушы органдар (бұдан әрі – ЖАО) "смарт-қала" және "смарт-өңір" бастамаларын іске асыру шеңберінде қалалардың және өңірлердің тиімді цифрландырылуын қамтамасыз етеді.

11. ЖАО уәкілетті органмен келісу арқылы "смарт-қаланы" және "смарт-өңірді" дамытудың стратегиясын (бұдан әрі – Стратегия) және Стратегияны іске асыру жөніндегі Жол картасын (бұдан әрі – Жол картасы) әзірлейді және бекітеді.

12. Бастамаларды енгізу үдерістерін жеделдету және тәуекелдерді азайту мақсатында келесі ұйымдастырушылық-техникалық талаптар белгіленеді:

1) Қазақстан Республикасының Цифрлық кодексінің 70 және 71-баптарына сәйкес жергілікті атқарушы органдардың мәліметтері мемлекеттің цифрлық объектілері және оларға қатысты техникалық құжаттама туралы мәліметтерді мемлекеттің цифрлық объектілерінің сәулеттік порталында (govarch.kz) мемлекеттің цифрлық сәулетін қалыптастыру, дамыту және мониторингтеу қағидаларына сәйкес орналастыруды, есепке алуды және өзектендіруді қамтамасыз етеді. Аталған порталда мәліметтерді уақтылы немесе толық көлемде ұсынбау (өзектендірмеу) тиісті өңір үшін бастамалардың базалық тізбесін қайта қарауға және бағалау нәтижелерін түзетуге негіз болып табылады.

2) ЖАО енгізілген цифрлық жүйелер болмаған жағдайда, мемлекеттің цифрлық объектілерінің архитектуралық порталында (govarch.kz) және сенімді цифрлық объектілердің тізілімінде орналастырылған шешімдер қолданылады;

3) ЖАО цифрлық жүйелері осы Әдістеменің 3-қосымшасына сәйкес, өз кезегінде, SDU -мен интеграцияланатын "ЖИ көмекшісі бар қалалық және өңірлік ахуал орталығы" базалық бастамасын іске асыратын жүйемен интеграциялануға жатады;

4) "Смарт-қаланың" және "смарт-өңірдің" бастамаларын іске асыру бойынша тиімділіктің барлық негізгі көрсеткіштері ЖАО цифрлық жүйелерінің SDU-мен интеграциялануын ескере отырып, тек қана SDU-дағы қолда бар деректер негізінде есептеледі.

13. Мемлекеттің цифрлық объектілерін құрумен байланысты "смарт қала" және "смарт өңір" бастамаларын іске асыру Қазақстан Республикасы Президентінің 2025 жылғы 9 желтоқсандағы № 1117 Жарлығын орындау шеңберінде "QazTech" платформасында ғана жүзеге асырылады. "QazTech" платформасынан тыс жаңа

цифрлық объектілерді құруға Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы цифрландыруды енгізу мәселелері жөніндегі комиссия мақұлдаған жағдайларды қоспағанда, жол берілмейді.

14. Жергілікті атқарушы органдар (ЖАО) Қазақстан Республикасында іске асырылған цифрлық объектілер арасында баламасы жоқ жаңа цифрлық шешімдерді енгізу туралы шешім қабылдаған жағдайда мыналар қажет:

1) функциялардың қайталануын және бюджет қаражатының тиімсіз жұмсалуын болдырмау мақсатында мемлекеттің цифрлық объектілерінің сәулеттік порталында (govarch.kz) орналастырылған мәліметтермен жоспарланып отырған шешімге салыстырмалы талдау жүргізу;

2) Қазақстан Республикасының Цифрлық кодексінің 72-бабына сәйкес аталған шешімді "цифрлық үкімет" архитектурасы және "QazTech" платформасының технологиялар стегі шеңберінде іске асыру мүмкіндігі тұрғысынан техникалық құжаттаманы Сәулеттік-үйлестіру орталығымен келісуді қамтамасыз ету;

3) шешімнің бірегейлігі және оны "QazTech" платформасында іске асыру мүмкін еместігі расталған жағдайда, № 1117 Жарлықта белгіленген тәртіпке сәйкес цифрландыруды енгізу мәселелері жөніндегі Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы комиссияның қарауына осы мәселені шығару үшін уәкілетті орган арқылы бастама көтеру.

15. Ақпараттық жүйелерді әзірлеу кезінде Қазақстан Республикасының "Киберқауіпсіздік туралы", "Дербес деректер және оларды қорғау туралы" заңдарына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Цифрландыру және киберқауіпсіздікті қамтамасыз ету салаларындағы бірыңғай талаптарды бекіту туралы" қаулысына, сондай-ақ Қазақстан Республикасының ақпараттық қауіпсіздік саласындағы өзге де нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес ақпараттық қауіпсіздікті және дербес деректерді қорғауды қамтамасыз ету қажет.

16. Цифрлық жүйелер Қазақстан Республикасының заңнамасына, оның ішінде "Дербес деректер және оларды қорғау туралы" Заңға, Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Цифрлық деректерді басқару жөніндегі талаптарды бекіту туралы" қаулысына, Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Жасанды интеллект және цифрлық даму министрінің "Цифрлық үкімет" цифрлық объектілерін интеграциялау қағидаларын бекіту туралы" бұйрығына, сондай-ақ Қазақстан Республикасының цифрландыру және ақпараттық қауіпсіздік саласындағы өзге де нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес SDU-мен интеграцияланады.

3-бөлім. "Смарт-қалаларды" және "смарт-өңірлерлерді" дамыту стратегиясын және оны іске асыру жөніндегі Жол картасын әзірлеу тәртібі

17. "Смарт-қалаларды" және "смарт-өңірлерлерді" дамыту стратегиясы — "смарт-қала" және "смарт-өңір" жобаларын іске асырудың басымдықтарын,

мақсаттарын және кезеңдерін айқындайтын негіз болып табылады. Стратегияда ағымдағы жағдайдың талдауы, ұзақ мерзімді және орта мерзімді мақсаттар, сондай-ақ тұрғындар мен бизнестің қажеттіліктеріне негізделген дамудың негізгі бағыттары қамтылады.

18. Стратегия қаланың және өңірдің ерекшелігін оның ауқымы, инфрақұрылымы, ресурстары, басқа да ерекшеліктерін және әлеуметтік-экономикалық контексті тұрғысынан қарастырады, цифрлық жетілуді бағалау және негізгі бастамаларды жергілікті жағдайларға бейімдеу құралдарын ұсынады.

19. "Смарт-қаланың" және "смарт-өңірдің" құрамдас бөліктерін іске асыру "смарт-қаланы" және "смарт-өңірді" дамыту мәселелері бойынша жұмыс тобы (облыс, республикалық маңызы бар қала және астана деңгейінде) құрылады. Жұмыс тобының қызметіне жалпы басшылықты цифрландыруды дамыту мәселелеріне жетекшілік ететін ЖАО бірінші басшысының орынбасары/аппарат басшысы жүзеге асырады. Әдістемелік және сараптамалық қолдау көрсету, жүйелі және кешенді тәсілді қалыптастыру үшін жұмыс тобына ЖАО тиісті құрылымдық бөлімшелерінің, орталық мемлекеттік органдардың аумақтық бөлімшелерінің, ғылыми ұйымдардың, бизнес-қоғамдастықтардың өкілдері, қоғамдық бірлестіктер және мәслихаттардың депутаттары енгізіледі. Жұмыс тобының хатшысы цифрландыруды дамыту саласында басшылықты жүзеге асыратын ЖАО құрылымдық бөлімшесінің басшысы болады.

20. Стратегияны әзірлеу Жұмыс тобы тарапынан қаланы және өңірді қайта құру және оған дайындығы тұрғысынан зерттеу жүргізу арқылы жүзеге асырылады. Аталған зерттеу аясында қаланың және өңірдің, оның даму ерекшеліктерінің, тұрғындары мен бизнесінің қажеттіліктері туралы түсінік қалыптастырылады. Осы кезеңде цифрлық инфрақұрылым мен енгізілген цифрлық жүйелердің жай-күйіне аудит жүргізіледі. Дереккөздер ретінде (әкімшілік-аумақтық бірлік бөлінісінде) ресми статистикалық деректер, 109 бірыңғай байланыс орталығының базасы, ахуалдық орталық, азаматтардың өтініштерін қабылдау және өңдеу бойынша бірыңғай платформа, жекелеген сарапшылардың және/немесе сараптамалық қауымдастықтың бағалауы, цифрлық кеңістікті мониторингтеу қызмет етеді.

21. Зерттеу нәтижесі Жұмыс тобы отырысының хаттамасы болып табылады, оған қаладағы және өңірдегі жалпы жағдай бойынша кешенді шолу, бірінші кезекте шешуді талап ететін базалық бастамалар, сондай-ақ Жұмыс тобының отырысы қорытындысы бойынша айқындалған қосымша бастамалар қоса беріледі.

22. Стратегия келесі бөлімдер негізінде қалыптастырылады:

1. ағымдағы жағдайға шолу және контекст – қолданыстағы цифрлық инфрақұрылымға, нарықтық және әлеуметтік жағдайларға, трансформация мақсаттарына талдау жүргізу, қаланың және өңірдің жетілу деңгейін айқындау;

2. пайым және миссия – "смарт-қаланы" және "смарт-өңірді" дамытудың ұзақ мерзімді мақсаттары мен негізгі бағыттарын айқындау;

3. мақсатты модель және архитектура – азаматтармен және бизнеспен өзара іс-қимылды қоса алғанда, цифрлық жүйелер мен процестердің қалаулы жай-күйін сипаттау;

4. қаланың және өңірдің цифрлық бейіні, ол бастамаларды негізді таңдауға және ресурстарды жоспарлауға негіз ретінде қызмет етеді;

5. метрикалар мен тиімділіктің негізгі көрсеткіштері – ілгерілеу мен іске асыру нәтижелерін өлшеу жүйесі;

6. тәуекелдер мен өзгерістерді басқару – бейімделу, кадрлық және техникалық ресурстарды басқару процестері, тәуекелдерді барынша азайту;

7. қаржылық қамтамасыз ету – шығындарды, қаржыландыру көздерін және жобалардың экономикалық тиімділігін есептеу;

8. коммуникация және мүдделі тараптарды тарту – бастамаларды қолдау үшін қоғаммен және серіктестермен өзара іс-қимыл стратегиялары;

9. мониторинг, стратегияны бағалау және түзету – кері байланыс пен сыртқы ортаның өзгерістері негізінде үздіксіз талдау және оңтайландыру.

23. Әзірленген Стратегияға сәйкес Жол картасы қалыптастырылады, онда іске асыру мерзімдері, жауапты орындаушылар, күтілетін нәтижелер (оның ішінде оларға қол жеткізудің өлшенетін сандық көрсеткіштері бар) бар базалық және қосымша бастамалар нақтыланады.

24. Жол картасы осы Әдістемеге 2-қосымшада көзделген базалық бастамаларды кезең-кезеңімен және дәйекті түрде енгізуді, сондай-ақ оларды әрбір елді мекеннің цифрлық жетілу деңгейіне бейімдеуді ескере отырып әзірленеді. Жол картасына сондай-ақ қаланың және өңірдің ерекше қажеттіліктерін шешуге бағытталған қосымша бастамалар да енгізіледі. Уәкілетті орган жыл сайынғы бағалау және іске асырылған қосымша бастамалардың тиімділігін талдау нәтижелері бойынша оларды кейіннен тарату үшін базалық бастамалар тізбесіне енгізу мүмкіндігін қарайды.

25. "Смарт-қаланың" және "смарт-өңірдің" базалық бастамаларын іске асыру үш дәйекті кезеңнен тұрады, олардың әрқайсысы осы Әдістеменің 2 және 3-қосымшаларында айқындалған бастамалар жиынтығын және елді мекеннің санатына байланысты іске асырылуға жататын негізгі функционалды қамтиды.

26. Әкімшілік санаттары әртүрлі елді мекендер үшін базалық бастамалардың функционалының өзіндік тізбесі айқындалған, бұл ретте нақты қала және өңірдің қажеттіліктеріне сәйкес функционалды кеңейту мүмкіндігі қарастырылған.

27. Әзірленген Стратегия мен Жол картасының жобасы тиісті жылдың үшінші тоқсанының соңына дейін қарау және кейіннен келісу үшін уәкілетті органға ұсынылады.

Жол картасына өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу жөніндегі жобалар іс-шаралардың іске асырылуын мониторингтеу нәтижелерін, сыртқы жағдайлардың өзгеруін қоса алғанда, негіздемелер болған кезде уәкілетті органға енгізіледі.

28. Стратегия және Жол картасы жобасы уәкілетті органмен 15 жұмыс күні ішінде қаралады.

29. Стратегия және Жол картасы тиісті әкімдіктің бірінші басшысымен уәкілетті органның бірінші басшысымен келісім бойынша бекітіледі.

30. Стратегия мен Жол картасы бекітілгеннен кейін жергілікті атқарушы органдар қаржылық жоспарлауды қоса алғанда, ұйымдастырушылық шаралар кешенін қабылдайды. Жол картасын іске асыруға арналған бюджет қаражатын жоспарлау Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасына сәйкес және Қазақстан Республикасы Президентінің 2025 жылғы 9 желтоқсандағы № 1117 "QazTech" платформасын міндетті түрде пайдалану туралы" Жарлығының талаптарын ескере отырып жүзеге асырылады.

31. Бекітілген Стратегиялар мен Жол карталары қол қойылған күннен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірмей жергілікті атқарушы органдармен мемлекеттік органдардың интернет-ресурстарының бірыңғай платформасында, сондай-ақ Сәулеттік-үйлестіру орталығы тарапынан мониторинг пен үйлестіруді қамтамасыз ету үшін жобалық басқарудың цифрлық жүйесінде орналастырылады.

4-бөлім. "Смарт-қала" және "смарт-өңірлер" бастамаларын енгізу және олардың тиімділігінің негізгі көрсеткіштері

32. "Смарт-қалаларды" және "смарт-өңірлерлерді" құру барысында ЖАО қала және өңірді тіршілігінің салалары: қаланы және өңірді басқару, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, қауіпсіздік, экология, көлік және логистика шеңберінде цифрлық бастамаларды іске асыру арқылы негізгі тиімділік көрсеткіштеріне қол жеткізуді қамтамасыз етеді.

33. Барлық бастамалар бойынша негізгі тиімділік көрсеткіштерінің мақсатты мәндері осы Әдістемеге 4-қосымшада келтірілген. Көрсеткіштер халықаралық стандарттар мен тәжірибелерді (ISO 37120, U4SSC, BSI PAS 181, UrbanTide, Mercer's, Boston City Score, IMD Smart City Index) ескере отырып қалыптастырылған және цифрлық жетілу деңгейі әртүрлі Қазақстан қалалары мен өңірлеріне бейімделген. Көрсеткіштерді қалыптастыру кезінде 2024–2025 жылдары әлемдік рейтингтерге сәйкес әлемнің жетекші "ақылды" қалаларының қатарына енген Астана қаласының табысты тәжірибесі ескерілді. Аталған көрсеткіштерді МИО ішкі мониторинг жүргізу үшін, сондай-ақ уәкілетті орган мемлекеттік цифрлық архитектураның дамуын мониторингтеу шеңберінде "смарт-қала" және "смарт-аймақ" бастамаларының іске асырылуын бағалау үшін пайдаланады.

5-бөлім. "Смарт-қала" және "смарт-өңірлер" бастамаларын іске асыруды бағалау

34. Бастамаларды іске асыруды бағалау – Қазақстанда бастамаларды енгізу және дамыту барысы мен нәтижелерін бағалауға арналған.

35. Бастамаларды іске асыруды бағалаудың негізгі міндеттері:

1) "смарт-қалалардың" және "смарт-өңірлерлерді" цифрлық даму деңгейі бойынша рейтингті салыстыру және беру;

2) іске асырылып жатқан жобалардың тиімділігі мен нәтижелілігін бақылау.

36. Бастамаларды іске асыруды бағалау келесіні қамтиды:

1) уәкілетті органның (осы Әдістеменің 4 және 5-қосымшаларына сәйкес) SDU жүйесімен интеграциялау арқылы ЖАО ұсынған деректерге автоматты режимде талдау жүргізуі және есепті кезеңнен кейінгі жылдың 15 қаңтарынан кешіктірмей қол жеткізілген көрсеткіштерді верификациялауы;

2) есепті жылдан кейінгі жылдың 31 қаңтарына дейін уәкілетті органмен әрбір әкімшілік санат бойынша "смарт-қалалардың" және "смарт- өңірлерлердің" рейтингін қалыптастыру.

37. "Смарт-қаланың" және "смарт-өңірлдің" бастамаларын іске асыруды бағалау " Boston CityScore" әдістемесі негізінде уәкілетті органмен осы Әдістеменің 5-қосымшасына сәйкес жүргізіледі.

38. Бағалау нәтижелері бойынша уәкілетті орган бағалау нәтижелерін, талдамалық ескертулерді және одан әрі әзірлеу бойынша ұсынымдарды қамтитын есеп дайындайды

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
орынбасары – Жасанды
интеллект және цифрлық даму
Министрінің
2026 жылғы 13 наурыздағы
№ 141/НҚ бұйрығымен
бекітілген "Смарт-қалаларды"
және "смарт-өңірлерді" құру
жөніндегі әдістемесіне
1-қосымша

"Смарт-қалаларды" және "смарт-өңірлерді" құрудағы халықаралық стандарттар, әдістемелер және тәжірибе

Халықаралық стандарттар мен әдістемелердің атауы	Ұйымдастырушылар:	Негізгі ерекшеліктері:	Артықшылықтары:
		Ол бірнеше негізгі топтарға топтастырылған 91 көрсеткішті қамтиды: цифрлық-коммуникациялық технологияларға қолжетімділікті,	БҰҰ-ның тұрақты даму мақсаттары мен тығыз байланыс

<p>1. United for Smart and Sustainable Cities (U4SSC) – БҰҰ.</p>	<p>ITU, UNECE, UN-Habitat және БҰҰ-ның басқа агенттіктері.</p>	<p>инновациялар мен инфрақұрылымды қамтитын экономикалық; энергия тиімділігін, ауа сапасы мен қалдықтарды басқаруды қамтитын экологиялық; білімге, денсаулық сақтауға және тұрғын үйге қолжетімділікті ескеретін әлеуметтік. Бұл ретте деректерге көзқарас сандық ақпаратты пайдалануды және сапалық талдауды біріктіреді.</p>	<p>ы ерекше көзге түседі (SDGs), бұл халықаралық есеп беруді, сондай-ақ жаһандық ұйымдардың қолдауын жеңілдетеді.</p>
<p>2. ISO 37120: Sustainable Cities and Communities – Indicators for City Services and Quality of Life.</p>	<p>Халықаралық стандарттау ұйымы (ISO).</p>	<p>Негізгі (54) және қосымша (74) болып бөлінген 128 көрсеткішті қамтиды. Олар экономика, білім беру, энергетика, экология, қаржы, өрт қауіпсіздігі, денсаулық сақтау, демалыс, қауіпсіздік, көлік, қала құрылысы, қалдықтарды басқару, су және канализация сияқты салаларды қамтиды.</p>	<p>ISO стандарты бойынша сертификаттау мүмкіндігі қаланың инвесторлар үшін тартымдылығын арттыруға ықпал етеді, сондай-ақ аталған тәсілдің әртүрлі елдерде әмбебаптығы мен қолданылуын қамтамасыз етеді.</p>
<p>3. BSI PAS 181: Smart City Framework.</p>	<p>Британдық стандарттар институты (BSI).</p>	<p>Деректерді басқаруға, цифрлық трансформацияға және технологияны біріктіруге бағытталған. Тәсіл "city as a Platform" тұжырымдамасына негізделген — қала деректер, қызметтер және инновациялар үшін платформа ретінде қарастырылады. Әдістеме стейкхолдерлермен өзара</p>	<p>Артықшылықтардың ішінде тәсілдің икемділігі мен бейімделгіштігі, сондай-ақ цифрлық экожүйелерді дамытуға және</p>

		әрекеттесуді, тәуекелдерді басқаруды және цифрлық экожүйені құруды қамтиды.	деректерді тиімді басқаруға ерекше назар аударылады.
4. UrbanTide – Smart City Maturity Model.	UrbanTide (Ұлыбритания).	Қаланың бес негізгі бағыт бойынша жетілуін бағалау үшін қолайлы: көшбасшылық және стратегия, ұйымдық мәдениет, деректер мен технологиялар, (инфрақұрылым және қызметтер және азаматтармен өзара әрекеттесу. Бағалау үшін "Бастапқы" деңгейден басталып, "Инновациялық" деңгеймен аяқталатын бес деңгейлі жетілу шкаласы қолданылады.	Қаланың қай кезеңде орналасқанын және келесі деңгейге өту үшін қандай қадамдар қажет екенін анықтауға мүмкіндік береді.
5. IDC –MaturityScape: Smart Cities and Communities 3.0.	International Data Corporation (АҚШ).	Әдістemeniң негізгі ерекшеліктері қалаларды цифрлық трансформациялауға назар аударуында және "Ad Hoc" (хаотичный) деңгейінен бастап "Optimized" (оңтайландырылған) дейінгі жетілудің бес деңгейін пайдалануға бағытталған. Бағалау бес негізгі өлшем бойынша жүргізіледі: саяси қолдауды және стейкхолдерлердің қатысуын қамтитын көшбасшылар; команданы басқаруды және оның құрылымын қамтитын ұйым; деректерді басқаруға және талдауға байланысты ақпарат; АТ-инфрақұрылымын және платформаларды қоса алғандағы технологиялар; автоматтандыруға және цифрлық сервистерге қатысты процестер.	Цифрландыру деңгейі жоғары ірі қалалар мен мегаполистер үшін қолайлы.
		Бағалау 162 көрсеткіш негізінде 500-ден астам қала бойынша жүргізіледі. Бағалау процесі үш негізгі бағытты анықтайды: өмір сүру сапасын, туризмді және мәдениетті қамтитын мәдени активтер; білім беруді,	Бұл индекс қаланың инновациялық әлеуетін бағалау үшін өте қолайлы және

6. Innovation Cities™ Index by 2thinknow.	2thinknow (Австралия)	денсаулықты сақтауды және қызметтерге қолжетімділікті қамтитын адами инфрақұрылым; және экономиканы, стартаптарды және инновацияларды қамтитын желілік нарықтар.	үнемі жаңартылып отырады, бұл даму динамикасын бақылауға мүмкіндік береді.
7. Boston City Score.	Бостон қаласының муниципалитеті (АҚШ).	Қауіпсіздік, көлік, денсаулық сақтау, экология және экономика сияқты салаларды қамтитын негізгі көрсеткіштердің (КРІ) кешенді жиынтығын пайдаланады; деректер күн сайын жұмыс күндері нақты уақыт режимінде жаңартылып отырады; жедел шешім қабылдауды және қалалық қызметтердің сапасын жақсартуды қолдайды.	Өзекті деректер негізінде мәселелерді жедел анықтауға және шешуге мүмкіндік береді; басқару тиімділігін арттыруға ықпал етеді; қалалық ортаны кешенді бақылау үшін қалалық қызметтермен біріктірілген.
8. IMD Smart City Index	IMD Business School и SUTD	Қалаларды бағалау азаматтардың сервистерді қабылдауына басымдық бере отырып, екі тірек — инфрақұрылым мен цифрлық технологиялар негізінде жүзеге асырылады.	Технологиялардың шынайы "адамға бағдарлануын" және олардың халықтың өмір сүру сапасына әсерін бағалауға мүмкіндік береді.

	Мақсаттар мен	Негізгі бағыттар	Негізгі технологиялар		
--	----------------------	-------------------------	------------------------------	--	--

Халықаралық тәжірибе	басымдықтар			Іске асыру мысалдары	Сын-қатерлер мен перспективалар
<p>1. Сингапур – Smart бағдарламасы Nation .</p> <p>Бағдарлама Smart Nation оны Сингапур үкіметі 2014 жылы іске қосты және қаланың негізгі мәселелерін шешуге бағытталған (көлік, денсаулық сақтау, энергияны тұтыну). Мемлекет цифрлық технологияларды өмір сүру сапасын жақсартудың және экономика нығайтудың кілті ретінде қарастырады.</p>	<p>1. Өмір сүру сапасын арттыру цифрлық шешімдерді енгізу есебінен.</p> <p>2. Мемлекеттік және муниципалдық қызметтерді жетілдіру, оларды тиімдірек және қолжетімді ете отырып.</p> <p>3. Экономика нығайту және инновациялық кәсіпорын дарға (стартаптар, технологиялық компаниялар) жағдай жасау.</p> <p>4. Орнықты даму және қоршаған ортаға кері әсерді барынша азайту.</p>	<p>1. Цифрлық үкімет және "ақылды" қызметтер;</p> <p>2. "Ақылды" көлік;</p> <p>3. Денсаулық сақтау және әлеуметтік қызметтер;</p> <p>4. "Ақылды" үйлер және қалалық инфрақұрылым;</p> <p>5. Экология және тұрақты даму;</p>	<p>1. Заттар интернеті (IoT): трафикті, ғимараттардың жағдайын және қоршаған ортаны бақылауға арналған сенсорлар.</p> <p>2. AI және машиналық оқыту: процестерді автоматтандыру, болжамды аналитика, қала құрылысын жақсарту.</p> <p>3. Үлкен деректер: жақсырақ шешімдер қабылдау үшін әртүрлі салалардағы деректерді жинау және талдау.</p> <p>4. 5G және озық желілер: деректерді берудің жоғары жылдамдығын және құрылғылардың байланысы үшін кең мүмкіндіктерді қамтамасыз ету.</p>	<p>Smart бағдарламасы Nation қала өмірінің барлық салаларын қамтиды: электрондық мемлекеттік қызметтері мен "ақылды" трафикті басқару жүйелерін енгізіп, халықтың денсаулығын бақылау жүйелерін және экологиялық жобаларға дейін.</p>	<p>Негізгі сын-қатерлер киберқауіпсіздіктің жоғары деңгейін сақтау және заңнамалық базаны үздіксіз жетілдіру болып табылады. Болашақ инновацияларды одан әрі интеграциялау, 5G мүмкіндіктерін кеңейту және цифрландырудың жаңа деңгейлеріне жету.</p>
	<p>1. Тұрақтылық және</p>				<p>Сын-қатерлер: инфрақұрылымға ірі</p>

<p>2 . Австралия – Smart бағдарламасы Cities Plan Smart Cities Жоспар — Австралия үкіметінің өмір сүру сапасын жақсартуға және инновациялық, тұрақты және деректерге негізделген қалаларды құруға бағытталған негізгі бастамасы. Бағдарлама ірі мегаполистерді де, облыс орталықтарында колдайды.</p>	<p>экологиялық: көміртегі шығарындыларын азайту және ресурстарды ұтымды пайдалану.</p> <p>2.Қалалық инфрақұрылымды жетілдіру: енгізу IoT, Қалаларды басқарудағы ЖИ және басқару да цифрлық технологиялар.</p> <p>3 . Инновациялар мен экономикалық өсуді қолдау: технологиялық компанияларды дамыту, мемлекеттік және сектор серіктестіктерін ынталандыру.</p> <p>4 . Цифрлық сервистерге қолжетімділікті қосалғанда, ірі қалалармен өңірлік орталықта</p>	<p>1.Қалаларды зияткерлік басқару және цифрлық үкімет;</p> <p>2."Ақылды" көлік;</p> <p>3.Денсаулық сақтау және әлеуметтік қызметтер;</p> <p>4."Ақылды" ғимараттар және қалалық инфрақұрылым;</p> <p>5.Экология және тұрақты даму.</p>	<p>1.Заттар интернеті (IoT): инфрақұрылым мен ресурстарды бақылауға арналған сенсорлар.</p> <p>2.ЖИ және машиналық оқыту: үлкен көлемдегі деректерді талдау, көлік ағындарын және қуат жүйелерін басқару.</p> <p>3.Үлкен деректер: қалалық басқаруды оңтайландыру үшін нақты уақыт режимінде жинау және талдау.</p> <p>4.5G желілері: деректерді жылдам тасымалдау және жүйелер арасындағы жақсартылған байланыс.</p>	<p>инвестициялардың қажеттілігі, цифрлық теңсіздікпен күрес, шалғай өңірлерді біркелкі дамыту.</p> <p>Преспективалар: 5G-ді ауқымды түрде енгізу, экологиялық тұрақтылыққа баса назар аудару және өмір сүру тиімділігі мен сапасын арттыру</p> <p>1.Бірқатар қалалардағы көшелерді ақылды жарықтандыру және жол қозғалысын басқару бойынша пилоттық жобалар.</p> <p>2 . Мемлекеттік қызметтерді онлайн көрсету үшін цифрлық үкімет сервистерінің іске қосылуы.</p>
---	--	---	---	--

	рды дамыту үшін тең мүмкіндіктер.				үшін ЖИ жүйелерін кеңейту.
3. Чех Республикасы – Smart бағдарламасы Czechia. Smart Czechia — Чехияның өмір сүру сапасын, тұрақты экономикалық өсуді және қоршаған ортаны қорғауды жақсарту үшін инновациялық технологияларды енгізудің ұлттық стратегиясы. Негізгі назар технологиялық интеграцияланған қалалар мен аймақтарға аударылады.	1. Азаматтардың тұрмысын жақсарту үшін цифрлық және әлеуметтік инфрақұрылымды дамыту. 2. Смарт технологияларды көлікке, энергиямен жабдықтауға, денсаулық сақтауға және мемлекеттік қызметтерге біріктіру. 3. Ашық және қолжетімді деректерді қалыптастыру, жергілікті цифрландыруды және экологиялық таза тәсілді ынталандыру.	1. Цифрлық үкімет және басқарма; 2. "Ақылды" көлік; 3. Экология және тұрақты даму; 4. Әлеуметтік қызметтер және өмір сапасы.	1. IoT (датчиктер және мониторинг жүйелері); 2. Үлкен деректерді талдау; 3. Зияткерлік энергетикалық және көліктік жүйелер.	Чехия ірі қалаларда (мысалы, Прага, Брно), сондай-ақ аймақтық орталықтарда ақылды көлік жүйелерін, экологиялық мониторинг пен цифрлық сервистерді дамытып отырып, озық технологияларды енгізуде.	Сын-қатерлер: басқарудың бөлшектенуі, цифрлық инфрақұрылымға инвестиция салу қажеттілігі. Перспективалар: еліміздің түрлі қалаларында тұрақты және экологиялық шешімдерді одан әрі дамыту, азаматтар мен бизнесті тарту.
	1. Технологияларды интеграция				

<p>4. Корея Республикасы – u-City бағдарламасы (Ubiquitous City). u-City (Ubiquitous City) – 2000 жылдардың басында Оңтүстік Кореяда басталған бастама цифрлық технологияларды қалалық ортаға жан-жақты енгізуге бағытталған. Жарқын мысал — қала Сонгдо, толығымен ақылды ретінде "нөлден" құрастырылған.</p>	<p>ялау: нақты уақыт режимінде датчиктер мен камералар (көлік, энергиямен жабдықтау, қауіпсіздік) арқылы жиналған деректерді өңдеу.</p> <p>2 . Қауіпсіздікті арттыру: қылмыстың алдын алу үшін интеллект уалды бейнебақылау және бетті тану жүйелері.</p> <p>3 . Ресурстарды оңтайландыру: шығындарды азайту және экологияны жақсарту үшін сумен жабдықтауды, электр энергиясын, қалдықтарды бақылау.</p> <p>4 . Азаматтар үшін қолайлы</p>	<p>1.Цифрлық үкімет; 2.Ақылды көлік; 3. Ақылды инфрақұрылым (су, энергиямен қамтамасыз ету, қалдықтарды кәдеге жарату); 4.Қауіпсіздік және бейнебақылау жүйелері.</p>	<p>1. IoT: нақты уақыт режимінде деректерді жинау; 2. Зияткерлік бейнебақылау: камералар және бетті тану технологиялары; 3. 5G-желілері: көптеген құрылғылардың жоғары жылдамдықты байланысы үшін; 4. Бұлтты есептеулер: деректерді сақтау және өңдеу.</p>	<p>1. Сонгдо: трафикті, энергияны тұтынуды, қоқысты шығарудың автоматтандырылған жүйелерін ақылды басқару.</p> <p>2. Пангьо: үлкен деректерді пайдалана отырып, дамыған смарт тасымалдау жүйесі және IoT.</p>	<p>Сын-қатерлер: u-City тәжірибесін бүкіл ел бойынша кеңейту, толық киберқауіпсіздікті қамтамасыз ету.</p> <p>Преспективалар: технологияларды басқа елдерге экспорттау, мемлекеттік қызметтер мен</p>
--	---	---	--	---	---

	<p>ы қ : мемлекетт і к қызметтер м е н коммерци ялық қызметтер г е цифрлық форматта кең қол жетімділік .</p>				<p>инфрақұрылымды одан әрі цифрландыру.</p>
<p>5 . Жапония – Қоғам бағдарлам асы 5.0 . Society 5.0 – Жапония үкіметінің 2016 жылы енгізілген бастамасы, о л цифрлық технологи яларды күнделікті өмірге терең енгізуді мақсат етеді. Классикал ы қ "Ақылды қала" шеңберіне н шығып, адамдар м е н технологи я үйлесімді өмір сүретін қоғам құруды мақсат етеді.</p>	<p>1 . Киберкеңі стік пен физикалық шындықта ы н интеграци ясы. 2. ЖИ арқылы тұрақты экономика лық өсу, IoT, робототех ника және үлкен деректер. 3 . "Жаһандық сын-қатер лерді шешу: халықтың қартаюы, климаттың өзгеруі, жұмыс күшінің тапшылығы.</p>	<p>1.Заттар интернеті (IoT) және ЖИ; 2.Робототехника және автоматтандыру; 3."Ақылды қалалар"; 4.Денсаулық сақтау және демографиялық сын-қатерлер.</p>	<p>1.Өнеркәсіптік және медициналық мақсаттарға арналған ЖИ және роботтар. 2.IoT және қалалар мен ресурстарды басқаруға арналған үлкен деректер.</p>	<p>1 . Токиодағы және басқа қалалардағы "ақылды " көлік жүйелері м е н энергияны үнемдейті н технологи ялар. 2 . Ауруханал ардағы роботтар және ауылдық аймақтард ағы телемедиц инаның дамуы. 3 . Жаңартыл атын көздерге баса назар аудар отырып, энергия ресурстар ы н басқару жүйелері</p>	<p>Сын-қатерлер: киберқауіпсіздік, деректердің құпиялылығы. Преспективалар: ЖИ технологиялары мен робототехниканы пайдалануды кеңейту, қалалардың тұрақты дамуы және халықтың қартаю мәселелерін шешу.</p>

<p>6. БАӘ (Дубай) – Бағдарлама Smart DubЖИ Initiative . Smart DubЖИ Initiative 2014 жылы Дубай үкіметі мен шейх Мұхаммед бен Рашид Әл-Мактұмның бастамасы мен басталды. Мақсат — қаланы басқару мен қалалық қызметтерге цифрлық технологияларды енгізу арқылы Дубайды әлемдегі ең инновациялық және "бақытты" қалалардың біріне айналдыру.</p>	<p>1.Қала өмірінің барлық салаларында — көлік қозғалысынан бастап коммуналдық қызметтерге дейін "ақылды" қызметтерді құру. 2 . Ыңғайлы цифрлық сервистер арқылы тұрғындардың бақытын арттыру. 3 . Орнықты даму және энергия тиімділігін арттыру. 4.Әлемдік аренада бәсекеге қабілеттілікті арттыру үшін инновациялар мен технологияларды тарту.</p>	<p>1.Цифрлық "қағазсыз" үкімет (DubЖИ Paperless Strategy); 2."Ақылды" көлік; 3.Энергетика және орнықтылық; 4.Блокчейн және жасанды интеллект.</p>	<p>1.Блокчейн: транзакцияларды өңдеу үшін мемлекеттік қызметтерде қолданылады. 2.ЖИ: көлік және қауіпсіздікті басқару қызметтеріне енгізілуде. 3.ІоТ және деректерді талдау: ресурстарды бақылау және инфрақұрылымды оңтайландыру.</p>	<p>1 . DubЖИNow : көптеген мемлекеттік және коммерциялық қызметтер үшін бірыңғай платформа . 2 . Жолаушыларды тасымалдауға арналған автономды таксилер мен дрондар. 3 . Мемлекеттік қызметтердегі блокчейн (жылжымайтын мүлікті тіркеу, цифрлық құжаттар және т.б.).</p>	<p>Сын-қатерлер: киберқауіпсіздік, деректердің құпиялықтығын қамтамасыз ету. Перспективалар: 2030 жылға дейін қызметтердің толық цифрландырылуы, автономды көліктерді, ЖИ және блокчейн шешімдерін белсенді енгізу, әлемдегі "Ақылды қалалар" қатарында көшбасшылық позицияны сақтау.</p>
<p>1.Қала шаруашылығы мен</p>				<p>1 . Техникалық мақсатты келу уақытымен өрт сөндіру қызметінің және шұғыл</p>	<p>Сын-қатерлер: технологияларды үнемі жаңартып отыру қажеттілігі, ведомствоаралық өзара іс-қимыл, жариялылық пен деректер</p>

<p>7. АҚШ – Бағдарлама Boston CityScore. Boston CityScore – нақты уақыт режимінде Бостондағы қалалық қызметтердің жұмысын бағалау мен бақылаудың интеграцияланған жүйесі. Негізгі мақсат – қала басшылығы мен тұрғындарына жедел басқару және өмір сүру сапасын арттыру үшін қазіргі қала денсаулығы" туралы ашық мәліметтер мен қамтамасыз ету.</p>	<p>қауіпсіздік тегі проблемаларға жеделден қоюды қамтамасыз ету. 2 . Деректерге ашық қолжетімділік арқылы қала әкімшілігінің ашықтығы мен жауапкершілігін арттыру. 3 . Қызметтердің жұмысын оңтайландыру арқылы өмір сүру сапасын жақсарту: көлік, коммуналдық қызметтер, төтенше жағдайларды жою және т.б. 4 . Мәселелерді анықтау және шешім қабылдау үшін цифрлық технологияларды және деректерді талдауды пайдалану.</p>	<p>1. Жұмыстың тиімділігі 311 Call Center және азаматтық өзара іс-қимыл. 2. Қауіпсіздік: өрт сөндіру қызметі, полиция, шұғыл медициналық көмек. 3. Қалалық инфрақұрылымға қызмет көрсету: жолдарды тазалау, жөндеу, көшелерді жарықтандыру. 4. Білім беру және мәдени қызметтер (кітапханаларды қоса алғанда). 5. Нормативтік талаптар мен санитарлық талаптардың сақталуы. 6. Экология және энергия тұтыну.</p>	<p>1. Қалалық қызметтерден гетерогенді деректерді біріктіру және IoT-құрылғылар. 2. Ағымдағы көрсеткіштерді тарихи және мақсатты көрсеткіштермен салыстыру үшін үлкен деректерді талдау. 3. Жария бақылау тақтасы нәтижелерді тұрғындар мен әкімшілікке ашық түрде ұсыну үшін. 4 . Автоматтандырылған мониторинг және құлақтандыру жүйелері.</p>	<p>медициналық көмектің инциденттеріне жедел мониторинг және ден қою. 2 . Жұмысты бақылау 311 Call Center қоңыраулардың 95%-на 30 секунд ішінде жауап беру мақсатында. 3. Жол шұңқырларын, көше жарығын және бағдаршамдарды уақтылы жөндеу. 4 . Мектептер мен кітапханаларға келушілердің санын арттыру, азаматтардың қала қызметтерінде қанағаттануын арттыру. 5. Тиісті қызметтердің келісілген жұмысымен белгіленге</p>	<p>қауіпсіздігінің тепе-теңдігі. Перспективалар: аналитика мен IoT-тегжейлі бақылау үшін пайдалануды кеңейту, азаматтарды басқару процестеріне тарту, қалалық ортаның тұрақтылығы мен</p>
--	--	--	--	--	---

				н мерзімде санитарлық және экологиялық бұзушылықтарды жою.	экологиялық қауіпсіздігін арттыру.
--	--	--	--	--	------------------------------------

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
орынбасары – Жасанды
интеллект және цифрлық даму
Министрінің
2026 жылғы 13 наурыздағы
№ 141/НҚ бұйрығымен
бекітілген "Смарт-қалаларды"
және "смарт-өңірлерді" құру
жөніндегі әдістемесіне
2-қосымша

Қазақстан Республикасында "смарт-қалаларды" және "смарт-өңірлерді" дамыту жөніндегі жол картасы

№	Бастама атауы	Енгізу деңгейі	Енгізу кезеңдері	Орындаушылар	Мерзімі	Қызмет саласы
1	Ж И көмекшісі бар қалалық және өңірлік ахуал орталығы	Республикалық маңызы бар қалалар	1 кезең	ЖАО	2026-2027 жылдар	Қалаларды және өңірлерді басқару
		Облыс орталықтары мен облыстық маңызы бар қалалар	1 кезең	ЖАО	2026-2027 жылдар	
2	ББО 109+ бірыңғай байланыс орталығы	Республикалық маңызы бар қалалар	1 кезең	ЖАО, коммуналдық қызметтер	2026-2027 жылдар	Қалаларды және өңірлерді "ақылды" басқару
		Облыс орталықтары мен облыстық маңызы бар қалалар	1 кезең	ЖАО, коммуналдық қызметтер	2026-2027 жылдар	
		Аудан орталықтары	1 кезең	ЖАО, коммуналдық қызметтер	2026-2027 жылдар	
		Республикалық маңызы бар қалалар	1 кезең	ЖАО, коммуналдық қызметтер	2026-2027 жылдар	
		Облыс орталықтары мен облыстық	1 кезең			

3	Бірыңғай есеп айырысу орталығы	маңызы бар қалалар		Ж А О , коммуналдық қызметтер	2026-2027 жылдар	ТҮКШ
		Аудан орталықтары	2 кезең	Ж А О , коммуналдық қызметтер	2027-2028 жылдар	
4	Қалалық көліктің интеграцияланған жүйесі	Республикалық маңызы бар қалалар	1 кезең	ЖАО	2026-2027 жылдар	Көлік және логистика
		Облыс орталықтары мен облыстық маңызы бар қалалар	1 кезең	ЖАО	2026-2027 жылдар	
5	Автотұрақтарды басқарудың автоматтандырылған жүйесі	Республикалық маңызы бар қалалар	1 кезең	Ж А О , коммуналдық қызметтер	2026-2027 жылдар	Көлік және логистика
6	Қаладағы жол қозғалысын басқару жүйесі	Республикалық маңызы бар қалалар	1 кезең	ЖАО, ПД	2026-2027 жылдар	Көлік және логистика
7	Қала автожолдарының сапасына бақылау жүргізу жүйесі	Республикалық маңызы бар қалалар	2 кезең	ЖАО, КМ	2027-2028 жылдар	Көлік және логистика
		Облыс орталықтары мен облыстық маңызы бар қалалар	2 кезең	ЖАО, КМ	2027-2028 жылдар	
		Аудан орталықтары	3 кезең	ЖАО, КМ	2029-2030 жылдар	
8	"Ақылды" аялдамалар	Республикалық маңызы бар қалалар	2 кезең	ЖАО, ПД	2027-2028 жылдар	Көлік және логистика
9	Бірыңғай бейнебақылау жүйесі	Республикалық маңызы бар қалалар	1 кезең	ЖАО, ПД	2026-2027 жылдар	Қауіпсіздік
		Облыс орталықтары мен облыстық маңызы бар қалалар	1 кезең	ЖАО, ПД	2026-2027 жылдар	
		Аудан орталықтары	2 кезең	ЖАО, ПД	2027-2028 жылдар	
	ТТО өрт қауіпсіздігін	Республикалық маңызы бар қалалар	2 кезең	ЖАО, ТЖД	2027-2028 жылдар	

10	басқару жүйесі	Облыс орталықтары мен облыстық маңызы бар қалалар	2 кезең	ЖАО, ТЖД	2027-2028 жылдар	Қауіпсіздік
11	Қалалық аумақтарды көгалдандыру бақылауы және жасыл желектерді күту	Республикалық маңызы бар қалалар	2 кезең	ЖАО	2027-2028 жылдар	Экология
		Облыс орталықтары мен облыстық маңызы бар қалалар	2 кезең	ЖАО	2027-2028 жылдар	
12	Қатты тұрмыстық қалдықтарды басқару жүйесі	Республикалық маңызы бар қалалар	2 кезең	ЖАО, коммуналдық қызметтер	2027-2028 жылдар	Экология
		Облыс орталықтары мен облыстық маңызы бар қалалар	2 кезең	ЖАО, коммуналдық қызметтер	2027-2028 жылдар	
13	Ақылды электр есептегіштері мен аспаптау және IOT көмегімен электрмен жабдықтауды бақылау	Республикалық маңызы бар қалалар	3 кезең	ЖАО, коммуналдық қызметтер	2029-2030 жылдар	ТҮКШ
		Облыс орталықтары мен облыстық маңызы бар қалалар	3 кезең	ЖАО, коммуналдық қызметтер	2029-2030 жылдар	
		Аудан орталықтары	3 кезең	ЖАО, коммуналдық қызметтер	2029-2030 жылдар	
14	Ақылды су есептегіштері мен аспаптау және IOT көмегімен сумен жабдықтауды бақылау	Республикалық маңызы бар қалалар	3 кезең	ЖАО, коммуналдық қызметтер	2029-2030 жылдар	ТҮКШ
		Облыс орталықтары мен облыстық маңызы бар қалалар	3 кезең	ЖАО, коммуналдық қызметтер	2029-2030 жылдар	
		Аудан орталықтары	3 кезең	ЖАО, коммуналдық қызметтер	2029-2030 жылдар	
15	Ақылды жылумен жабдықтау есептегіштері мен аспаптау және IOT	Республикалық маңызы бар қалалар	3 кезең	ЖАО, коммуналдық қызметтер	2029-2030 жылдар	ТҮКШ
		Облыс орталықтары мен облыстық	3 кезең		2029-2030 жылдар	

	көмегімен жылумен жабдықтауды бақылау	маңызы бар қалалар		Ж А О , коммуналдық қызметтер		
		Аудан орталықтары	3 кезең	Ж А О , коммуналдық қызметтер	2029-2030 жылдар	
16	IoT көмегімен ақылды газ есептегіштері мен аспаптау	Республикалық маңызы бар қалалар	3 кезең	Ж А О , коммуналдық қызметтер	2029-2030 жылдар	ТҮКШ
		Облыс орталықтары мен облыстық маңызы бар қалалар	3 кезең	Ж А О , коммуналдық қызметтер	2029-2030 жылдар	
		Аудан орталықтары	3 кезең	Ж А О , коммуналдық қызметтер	2029-2030 жылдар	

Аббревиатуралардың толық жазылуы:

ЖИ – жасанды интеллект;

ЖАО – жергілікті атқарушы орган;

ТҮКШ – тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық;

ПД – Полиция департаменті;

КМ – Қазақстан Республикасы Көлік министрлігі;

ТЖД – Төтенше жағдайлар департаменті;

ТТО – террористік тұрғыдан осал;

IoT – заттар интернеті.

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
орынбасары – Жасанды
интеллект және цифрлық даму
Министрінің
2026 жылғы 13 наурыздағы
№ 141/НҚ бұйрығымен
бекітілген "Смарт-қалаларды"
және "смарт-өңірлерді" құру
жөніндегі әдістемесіне
3-қосымша

Стандартты базалық бастамалардың тізбесі

1. Бастама: ЖИ көмекшісі бар қалалық және өңірлік ахуал орталығы

Функционалдылық	Республикалық маңызы бар қалалар	Облыс орталықтары және облыстық маңызы бар қалалар	Аудан орталықтары	Қажеттілікті бағалау
Деректерді орталықтандырылған жинау және				

талдау (IoT-сенсорлардан, бейнебақылау камераларынан, көлік жүйелерінен, ТКШ, медициналық мекемелерден, білім беру мекемелерінен және басқа ведомстволардан деректерді біріктіру)	иә	иә	жоқ	Ірі қалалар үшін жоғары, шағын қалалар үшін орташа.
ТЖ-ға жедел ден қою	иә	иә	жоқ	Жоғары: кез келген қаладағы төтенше жағдайлар үшін маңызды.
Жедел қызметтермен интеграция	иә	иә	жоқ	Жоғары: тиімді жауап беру үшін қажет.
Қаланың әртүрлі бақылау жүйелерімен интеграциялау	иә	иә	жоқ	Орташа: шағын қалалар үшін онша маңызды емес.
Ағымдағы жағдайды негізгі параметрлер бойынша бағалау үшін IoT-сенсорлардан, камералардан, сумен жылуды есептеу жүйелерінен интерактивті панельдегі деректерді визуализациялау	иә	иә	жоқ	Жоғары: республикалық және облыстық қалалар үшін тиімді.
Тақырыптық карталар және 3D-модельдер арқылы картада визуализациялау	иә	иә	жоқ	Жоғары: барлық қалаларға қатысты.
Тұрғындар мен бизнес үшін объектілер мен қызметтердің қол жетімділігінің ең төменгі стандарттарын сақтау үшін қалалық ортаны кеңістіктік талдау (иә	иә	жоқ	Жоғары: республикалық және облыстық

объектілердің полицентристік және қадамдық қол жетімділік қағидалары)				қалалар үшін тиімді
ЖИ көмегімен су, ауа, шу және т.б. бақылауінің әртүрлі датчиктерінен жиналатын деректер бойынша экологиялық тәуекелдерді болжау.	иә	иә	жоқ	Орташа: ластану деңгейі жоғары ірі қалалар үшін.
Жайлылық деңгейін бағалау үшін ЖИ-пен интеграция	иә	жоқ	жоқ	Ірі қалаларда жоғары, шағын қалаларда шектеулі.
SDU-мен, ЖМБМК-мен интеграциялау	иә	иә	жоқ	Жоғары:

"ЖИ көмекшісі бар қалалық және өңірлік ахуал орталығы" бастамасына қосымша ретінде өз салаларында жедел мониторингті, талдауды және ден қоюды қамтамасыз ететін мамандандырылған салалық ахуалдық орталықтар (мысалы, полиция департаменті, жылумен жабдықтау, энергетика, сумен жабдықтау қызметтері, білім беру және денсаулық сақтау және басқа салалар бойынша) жұмыс істеуі мүмкін. Мұндай салалық орталықтар бірыңғай цифрлық ортаны қамтамасыз ету және іс-қимылдарды үйлестіру үшін жалпы қалалық ахуалдық орталықпен интеграцияланады.

2. Бастама: ББО 109+ бірыңғай байланыс орталығы

Функционалдылық	Республикалық маңызы бар қалалар	Облыс орталықтары және облыстық маңызы бар қалалар	Аудан орталықтары	Қажеттілікті бағалау
Мобильді қосымша	иә	иә	жоқ	Ірі қалалар үшін жоғары.
Дауыс беру механизмі	иә	иә	жоқ	Белсенді халқы бар қалаларда жоғары.
Онлайн сауалнамалар	иә	иә	жоқ	Орташа.
Шағымдарды жіберу	иә	иә	иә	Жоғары: барлық деңгейлерде маңызды.
Жақсарту жөніндегі идеялар мен ұсыныстар	иә	иә	иә	Орташа: азаматтардың қатысуы маңызды.
Дауыстық өтініштер	иә	иә	иә	Жоғары: негізгі қажеттілік.

Бейнеқоңыраулар	иә	жоқ	жоқ	Төмен: қосымша опция.
Онлайн чат	иә	жоқ	жоқ	Орташа.
БКДҚ-ға тапсыру	иә	иә	жоқ	Жоғары: әсіресе төтенше жағдайларда
Ахуалдық орталықпен интеграциялау	иә	иә	жоқ	Сандық экожүйелер үшін жоғары.
Пайдаланушының жеке кабинеті	иә	иә	жоқ	Орташа.
Өтініштердің геометрі	иә	жоқ	жоқ	Орташа.
Хабарламаның әртүрлі түрі (Жеке немесе заңды тұлғаның өтініші бойынша мобильді қосымшада, электрондық пошта арқылы, әлеуметтік желілерде және т.б. Push-хабарламалар)	иә	иә	жоқ	Орташа: ақпараттандыру ыңғайлы, бірақ маңызды емес.
Кері байланыс	иә	иә	иә	Жоғары: барлық қалалар үшін қажет.
Онлайн төлем	иә	иә	жоқ	Орташа: әсіресе ірі қалаларда маңызды.
QR-қызметтерге қол жеткізу	иә	жоқ	жоқ	Төмен.
Telegram-бот / WhatsApp-бот	иә	иә	иә	Орташа: аудандар үшін ыңғайлы.
Қала/аудан жаңалықтары	иә	иә	жоқ	Жоғары: өзекті ақпарат барлық жерде маңызды.
Мемлекеттік органдардың байланыстары/ анықтама	иә	иә	жоқ	Жоғары.
Өтініштерді санаттау	иә	иә	иә (негізгі)	Орташа.
ЖИ көмегімен күнделікті талдау	иә	жоқ	жоқ	Орташа.
Кезектерді басқару	иә	жоқ	жоқ	Төмен.
ЖИ көмекшісі бар қалалық ахуал орталығымен интеграциялау	иә	иә	иә	Жоғары.
ТКШ-қызметтер (есептегіштердің				

көрсеткіштерін беру , шарттарды қайта жасауға өтінім беру және т. б.)	иә	иә	жоқ	Жоғары: ыңғайлы болу үшін маңызды.
БЕО-мен интеграциялау	иә	иә	иә	Орташа.

3. Бастама: Бірыңғай есеп айырысу орталығы

Функционалдылық	Республикалық маңызы бар қалалар	Облыс орталықтары және облыстық маңызы бар қалалар	Аудан орталықтары	Қажеттілікті бағалау
Коммуналдық қызметтер үшін орталықтандырылған есеп айырысу	иә	иә	иә	Жоғары: тұрғындарға қызмет көрсетуді жақсарту үшін маңызды.
ТКШ жүйелерімен интеграциялау	иә	иә	иә	Жоғары: коммуналдық қызметтерді есепке алу мен есептеуді жақсартады.
Онлайн төлем және қарызды басқару	иә	иә	иә	Жоғары: азаматтар мен басқару органдары үшін қолайлы.
Жылжымайтын мүлікті сатып алу-сату мәмілесін жасау кезінде коммуналдық қызмет көрсету шарттарын қайта ресімдеу жөніндегі қызмет	иә	иә	иә	Жоғары: азаматтар мен басқару органдары үшін қолайлы.
Коммуналдық қызметтерді жеткізушілер мен тұтынушылар арасындағы өзара қарым-қатынастарды есепке алуды жүйелеу	иә	иә	иә	Жоғары: азаматтар мен басқару органдары үшін қолайлы.
Қаланың Ахуалдық орталығымен интеграциялау	иә	иә	иә	Жоғары
ЖИ көмекшісі бар қалалық ахуал орталығымен интеграциялау	иә	иә	иә	Жоғары

4. Бастама: Қалалық көліктің интеграцияланған жүйесі

--	--	--	--	--

Функционалдылық	Республикалық маңызы бар қалалар	Облыс орталықтары және облыстық маңызы бар қалалар	Аудан орталықтары	Қажеттілікті бағалау
Маршруттар мен рейстерді басқару	иә	иә	жоқ	Жоғары: ірі қалаларда көлікті басқаруды жақсартады.
КҚ жай-күйі, параметрлері және бағыттары туралы деректерді ұсыну	иә	иә	жоқ	Жоғары:
Көлік құралының орналасқан жерін онлайн бақылау	иә	иә	жоқ	Орташа: ірі қалалар үшін өзекті
КҚ рұқсат етілген жылдамдығы мен бағытының асып кетуін бақылау	иә	иә	жоқ	Орташа: ірі қалалар үшін өзекті
Маршруттық тапсырмаларды орындаудың нақты жүрісі мен уақытын бақылау	иә	иә	жоқ	Жоғары: ірі қалалар үшін өзекті
Мобильді қосымшалармен интеграциялау	иә	иә	жоқ	Жоғары: республикалық және облыстық қалалар үшін.
Көлік картасы жүйесімен интеграциялау	иә	иә	жоқ	Жоғары: инфрақұрылымы дамыған ірі қалалар үшін қажет.
Жолаушылар саны мен санаты бойынша, маршруттар мен тасымалдау уақыты бойынша жолаушылар ағынын бақылау	иә	иә	жоқ	Жоғары:
Электрондық билетті енгізу	иә	иә	жоқ	Жоғары: инфрақұрылымы дамыған ірі қалалар үшін қажет
Қолма-қол және қолма-қол ақшасыз төлеудің барлық нысандарын қолдау (банк карталарымен, ұялы телефондармен, смс	иә	иә	жоқ	Жоғары: инфрақұрылымы

және басқалармен байланыссыз төлеуді қоса алғанда)				дамыған ірі қалалар үшін қажет
Жол жүруді тіркеуді және жол жүру ақысын бақылауды жолаушы жүзеге асырады	иә	иә	жоқ	Орташа: инфрақұрылымы дамыған ірі қалалар үшін қажет
